**Жастарды әскери қызметке даярлау және азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу ережесін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2003 жылғы 22 қаңтар N 76. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.06.30. N 623 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 19 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Жастарды әскери қызметке даярлау және азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми түрде жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 қаңтардағы N 76 қаулысымен бекітілген

**Жастарды әскери қызметке даярлау және азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу ЕРЕЖЕСІ**

**1-тарау. Негізгі ережелер**

1. Осы Жастарды әскери қызметке даярлау және азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 19 қаңтардағы Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже мыналарды айқындайды:

1) әскер қатарына шақыруға дейінгі және әскерге шақырылу жасындағы жастарды әскери қызметке даярлауды;

2) мерзімді әскери қызметке шақырылуға жататын азаматтарды зерделеуді;

3) азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру тәртібін.

**2-тарау. Әскер қатарына шақыруға дейінгі және әскерге шақырылу жасындағы жастарды әскери қызметке даярлау**

3. Әскер қатарына шақыруға дейінгі және әскерге шақырылу жасындағы жастарды әскери қызметке даярлау мыналарды қамтиды:

бастапқы әскери даярлықты;

әскерге шақырылу жасындағы жастарды әскери-техникалық мамандықтар бойынша даярлауды;

жоғары оқу орындарындағы студенттерді запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлауды;

дене дайындығын;

емдеу-сауықтыру жұмыстарын;

патриоттық тәрбиені.

4. Әскер қатарына шақыруға дейінгі және әскерге шақырылу жасындағы жастардың бастапқы әскери даярлығы Заңға және "Бастапқы әскери даярлау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 1 қарашадағы N 1340 қаулысына сәйкес жүргізіледі.

5. Әскер қатарына шақырылушы жастарды әскери-техникалық мамандықтар бойынша даярлау Заңға сәйкес даярлықтың шарттары мен сипатына байланысты өндірістен қол үзіп және сонымен бірге қол үзбестен жүргізіледі.

Даярлыққа алатын әскери-техникалық мамандығы бойынша денсаулық жағдайы жарамды әскерге шақырылушы жастар және оқуды бітіргеннен кейін мерзімді әскери қызметке шақыруға жататын азаматтар тартылады.

6. Өндірістен қол үзіп әскери-техникалық мамандықтар бойынша даярлықтан өткен әскерге шақырылушы жастар үшін оқу кезеңінде жұмыс орны, атқарған лауазымы сақталады және негізгі жұмыс орны бойынша орташа жалақысы төленеді.

Өндірістен қол үзбей оқуға тартылған әскерге шақырылушы жастарға даярлық кезеңінде, кешкі оқыту нысаны бойынша оқитын адамдар үшін заңнамада көзделген Ережеге үйлестіре қысқартылған жұмыс күнінің ұзақтығы белгіленеді. Даярлық және емтихан тапсыру уақытында оларға негізгі жұмыс орны бойынша орташа жалақысы төленіп, ұзақтығы 10-15 жұмыс күні ( мамандығына және оқу бағдарламасының көлеміне байланысты) демалыс беріледі.

7. Жоғары оқу орындарының студенттерін әскери даярлау Жоғары оқу орындарының студенттерін (курсанттарын) әскери даярлау туралы Заңға және Ережеге сәйкес Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 3 қазандағы N 1094 қаулысымен бекітілген запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша жүргізіледі.

8. Әскер қатарына шақыруға дейінгі және әскерге шақырылу жасындағы жастардың дене даярлығы жалпы орта білім беру оқу орындарындағы және басқа

да білім беру ұйымдарындағы оқу бағдарламаларына сәйкес ұйымдастырылады және жүргізіледі.

9. Әскер қатарына шақыруға дейінгі және әскерге шақырылу жасындағы жастардың әскери қызметке дене даярлығы жөніндегі іс-шараларды жоспарлау мақсатында аудандық (қалалық) әскери комиссариаттар жыл сайын 15 қыркүйекке дейін ұйымдардан және білім беру ұйымдарынан әскери қызметке даярлауға жататын 15-16 жастағы жасөспірімдердің бөлек жасалған тізімін (1-қосымша) сұратады.

10. Жас жігіттерді емдеу-сауықтыру жұмыстары мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарымен емдеу және емдеу-сауықтыру ұйымдарында, оларда жасөспірімдер емханаларын, бөлімшелері мен кабинеттерін құра отырып олардың тұрғылықты жерлері, оқу немесе жұмыс орындары бойынша ұйымдастырылады.

11. Әскери қызмет атқаруға кедергі келтіретін немесе оған жарамдылық дәрежесін шектейтін ауруы және зақым салдары бар барлық адамдарды уақтылы анықтау, азаматтарды шақыру пункттеріне тіркеу жүргізу немесе оларды әскери қызметке шақыру мерзімдеріне дейін емдеу үшін белсенді шаралар қабылдау жас жігіттерді емдеу-сауықтыру жұмыстарының негізгі міндеттері болып табылады.

12. Жас жігіттерді емдеу-сауықтыру іс-шараларын уақтылы жүргізу мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарына жүктеледі.

13. Тұрғылықты жері бойынша ауданның емдеу-алдын алу ұйымдарында жүргізілуі мүмкін емес арнайы ем және зерттеу түріне мұқтаж әскерге шақырылу жасындағы жастар, аудандық (қалалық) әскери комиссариатты және денсаулық сақтау органын хабардар ете отырып, басқа да емдеу-алдын алу ұйымдарына жіберіледі.

14. Жас жігіттерді емдеу-сауықтыру жұмыстары Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен келісе отырып Денсаулық сақтау министрлігі белгілеген тәртіппен ұйымдастырылады.

15. Әскер қатарына шақыруға дейінгі және әскерге шақырылу жасындағы жастарды патриоттық тәрбиелеу бастапқы әскери даярлық кешенінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұйымдастырылады.

Оның негізгі мақсаты азаматтыққа және патриоттыққа, өз Отаны - Қазақстан Республикасын сүюге, мемлекеттік нышандарды құрметтеуге, халықтың дәстүрлерін қастерлеуге, кез келген конституцияға және қоғамға қарсы көріністерге төзбеуге тәрбиелеу болып табылады.

## 3-тарау. Мерзімді әскери қызметке шақырылуға жататын азаматтарды зерделеу

16. Мерзімді әскери қызметке шақырылуға жататын азаматтарды зерделеу әскери комиссариаттардың Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа

да әскерлері мен әскери құралымдарын жаңа буынмен сапалы түрде жасақтауды қамтамасыз ету жөніндегі аса маңызды міндеті болып табылады. Ол шақыру комиссияларын әскерге шақырылу жасындағы жастар туралы толық объективті деректермен қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

Әскерге шақырылу жасындағы жастарды әскери комиссариаттарда олардың іскерлік, моральдық қасиеттері, денсаулық жай-күйі, дене тәрбиесінің дамуы, отбасының жағдайы, жалпы білімі мен арнайы дайындығы туралы мәліметтерді жоспарлы жинақтау негізінде жүзеге асырылады.

Осы жұмыстың барысында әскерге шақырылу жасындағы жастарды әлеуметтік-психологиялық зерделеу жүргізіледі және оларды мерзімді әскери қызметті өткеру кезінде мамандықтар бойынша тиімді бөлу жүргізіледі.

17. Мерзімді әскери қызметке шақыруға жататын азаматтарды зерделеу, олардың шақыру пункттеріне тіркелуінен басталуы және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына жөнелтілгенге дейін жүргізілуі тиіс.

Әскерге шақырылу жасындағы жастарды зерделеуді әскери комиссариаттардың офицерлері осы мақсат үшін жалпы білім беретін оқу орындарының, кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта білім беру ұйымдарының өкілдерін кеңінен тарта отырып жүргізуі тиіс.

Аудандық (қалалық) әскери комиссариаттарда әскерге шақырылу жасындағы жастарды зерделеу жөніндегі жүйелі және жоспарлы жұмысты қамтамасыз ету мақсатында жыл сайын әскерге шақырылу жасындағы жастарды зерделеу жоспарлары әзірленеді, онда: қандай лауазымды адам, қандай әскерге шақырылу жасындағы жастарды дербес зерделеуі қажет екені, зерделеу әдістері мен мерзімдері көрсетіледі.

Әскерге шақырылу жасындағы жастарды зерделеу:

әскерге шақырылушымен жеке әңгімелесу жолымен;

ата-аналарымен немесе әскерге шақырылушыны тәрбиелейтін адамдармен;

әскерге шақырылушы жұмыс істейтін (оқитын) ұйымдар мен білім беру ұйымдарының басшыларымен;

тұрғылықты жері бойынша учаскелік полиция инспекторларымен;

әскерге шақырылушымен таныс басқа да адамдармен (көршілері, достары) жеке сөйлесу арқылы жүргізіледі.

Әскерге шақырылу жасындағы жастарды зерделеу процесінде қылмыстың және әкімшілік жауапкершілікке тартылғандар, тергеуде немесе ісі сотта қаралып жатқандар, ішкі істер органдарында, жүйке аурулары, туберкулез, тері-жыныстық қатынас аурулары, наркология диспансерлерінде және басқа да емдеу-алдын алу ұйымдарында есепте тұрғандар міндетті тәртіппен анықталуы тиіс.

Осы нәтижелер әрбір әскерге шақырылу жасындағы жасқа арналып ресімделетін зерделеу парағына жазылады. (2-қосымша). Жүргізілетін зерделеу қорытындысы бойынша әрбір әскерге шақырылушы жас объективті түрде бағалануы тиіс.

18. Аудандық әскери комиссарлар әскерге шақырылу жасындағы жастарды зерделеу материалдары мен өздерінің қорытындыларын әскерге шақырылу жасындағы жастарды мерзімді әскери қызмет атқару үшін жіберу туралы шешім қабылдайтын аудандық (қалалық) шақыру комиссияларына баяндайды.

## 4-тарау. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру тәртібі

19. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына қажетті санында жүргізіледі. Шақыруды кейінге қалдыру немесе шақырудан босату құқығы жоқ 18-ден 27 жасқа дейінгі азаматтар шақыруға жатады.

20. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру жүргізуді ауданның ( қаланың) және облыстың жергілікті атқарушы органының әкімі тиісті әскери комиссариаттар арқылы ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

21. Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдері өз құзыреттері шегінде әскери қызметтің жалпыға бірдей әскери міндеттілік мәселелері жөніндегі заңнамаларды орындауды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

22. Білім беру ұйымдарының және меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдардың басшылары әскерге шақырылу жасындағы жастарды іссапарлардан (демалыстардан) шақырып алуды, оларды хабардар етуді ұйымдастырады және шақыру пунктіне уақтылы келулерін қамтамасыз етеді.

Мерзімді әскери қызметке шақыруға жататын әскерге шақырылу жасындағы жастар әскери комиссариаттың шақыруы бойынша шақыру комиссиясынан өту үшін және осы Ереженің 26-тармағында көзделгеннен басқа жағдайларда, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына жөнелту үшін шақыру пунктіне келеді.

23. Шетелде уақытша тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарын мерзімді әскери қызметке шақыру олардың Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келісімен, шақыруды кейінге қалдыру құқығы болмаған кезде Заңға сәйкес (3-қосымша) жүзеге асырылады.

24. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру және оларды шақыру пункттеріне келу туралы хабардар етуді хабарлау және әскерге шақырылу жасындағы жастарды іздестіру топтары жүргізеді (4-қосымша).

Шақыру комиссиясына шақыру күніне дейін 18 жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру құқығы аяқталған азаматтар шақырылады. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына жөнелту мерзімді әскери қызметке шақырылудан босатылған және шақыруды кейінге қалдыруға құқығы бар адамдардан басқа әскерге шақырылушы 18 жасқа толысымен жүзеге асырылады.

25. Аудандық (қалалық) әскери комиссарлар әскерге шақырылу жасындағы жастардың шақыру пункттеріне келуін бақылайды және шақыру комиссиясына келмеген адамдар туралы шақыру комиссиясының төрағасына баяндайды.

Әскерге шақырылу жасындағы жастар дәлелсіз себеппен келмеген барлық жағдайлар туралы аудандық (қалалық) әскери комиссарлар оларды іздестіру үшін Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына хабарлайды. Шақырудан қасақана жалтарып жүрген, сондай-ақ азаматтардың шақыру пункттеріне уақытылы келуіне кедергі келтірген адамдарға арналған материалдарды қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес оларды жауапкершілікке тарту үшін тиісті органдарға тапсырады.

26. Азаматтардың шақыру учаскелеріне келмеуінің дәлелді себептері болып мыналар танылады:

еңбек қабілетін жоғалтуымен байланысты ауруы (жарақаты);

жақын туысының қайтыс болуы немесе ауыр науқастануы;

немесе азаматтың жеке өзі келуі мүмкіндігінен айырған басқа да жағдайлар.

Келмеу себептері тиісті құжаттармен расталуы тиіс.

27. Заңға сәйкес азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу үшін аудандарда (қалаларда) ауданның (қаланың) жергілікті атқарушы органы әкімінің шешімімен аудандық (қалалық) шақыру комиссиялары құрылады.

28. Аудандық (қалалық) шақыру комиссияларына мыналар жүктеледі:

әскерге шақырылу жасындағы жастарды медициналық куәландыруды ұйымдастыру;

мерзімді әскери қызметке шақыру және әскерге шақырылу жасындағы жастарды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрлері мен әскер тектері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары бойынша тағайындау туралы шешім қабылдау Заңның 15, 16-баптарына сәйкес азаматтарға мерзімді әскери қызметті кейінге қалдыруды ұсыну және шақырудан босату.

29. Әскерге шақырылу жасындағы жастарды медициналық куәландыруды мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі бар мынадай дәрігерлер: хирург, терапевт, невропатолог, психиатр, көз дәрігері, отоларинголог, дерматовенеролог, тіс дәрігері өткізеді. Әскерге шақырылу жасындағы жастарды медициналық

куәландыру үшін қажет болған жағдайда басқа да шағын мамандықтағы дәрігерлер тартылады.

Медициналық куәландыру жабдықталған, осы жұмыс үшін арнайы бейімделген шақыру (жиын) пункттерінде жүргізіледі.

Әскерге шақырылу жасындағы жастарды медициналық куәландыруды бастау алдында дәрігер-мамандар емдеу-алдын алу ұйымдарынан алынған медициналық құжаттармен және ондағы мәліметтермен танысуға және оларды шақырылушылардың әскери қызметке жарамдылық дәрежесін айқындау және дене дамуын, денсаулық жай-күйін бағалау кезінде ескеруге міндетті.

Шақыру пунктіндегі медициналық қызметкерлердің жұмысына басшылықты дәрігер - медициналық комиссияның төрағасы әскери-дәрігерлік сараптама саласында қажетті білімі мен жұмыс тәжірибесі бар, неғұрлым білікті дәрігер-мамандардың қатарынан тағайындалатын шақыру комиссиясының мүшесі жүзеге асырады.

30. Әскерге шақырылу жасындағы жастарды денсаулық жай-күйі мен дене дамуы бойынша мерзімді әскери қызметке жарамдылығын, олардың Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрі мен әскер тектері бойынша, басқа да әскерлері мен әскер тектеріне тағайындалуын әрбір дәрігер-маман жеке бағалау әдісімен айқындайды.

Әрбір дәрігер-маман әскерге шақырылу жасындағы жастардың мерзімді әскери қызметке шақыруға жарамдылығы (уақытша немесе толық жарамсыздығы ), денсаулық жай-күйі бойынша шектеу дәрежесі туралы қорытындыны әскерге шақырылу жасындағы жастарды есепке алу картасына енгізеді және әскерге шақырылу жасындағы жастардың медициналық куәландырылған күні көрсетіліп, дәрігер маманның қолы қойылып расталады.

31. Дәрігер-маман әскерге шақырылу жасындағы жастардың денсаулық жай-күйін тиянақты анықтауға қиналатын жағдайларда медициналық комиссия оны амбулаторлық немесе стационарлық тексерілуге емдеу (емдеу-алдын алу) мекемесіне жібереді. Жолдамада болжалды диагноз және тексеру кезінде нені нақты анықтау қажеттігі көрсетіледі, сондай-ақ денсаулық жай-күйін зерттеу актісі қоса беріледі.

Емдеу (емдеу-алдын алу) мекемесінің дәрігерлері әскерге шақырылу жасындағы жастарды тексеруді аяқтасымен осы мекеменің бас дәрігері мен тексеру жүргізген дәрігер-маман қол қоятын және емдеу мекемесінің елтаңбалы мөрімен бекітілетін денсаулық жай-күйін зерттеу актісін жасайды. Акт әскерге шақырылу жасындағы жастардың денсаулығы мен дене дамуының жай-күйі жөніндегі барлық деректерді ескере отырып, оның әскери қызметке жарамдылығы туралы мәселені шешетін шақыру комиссиясының қарауына ұсынылады.

32. Дәрігер-маман шақырылу жасындағы жастардың әскери қызметке жарамдылығы (уақытша әскерге немесе толық жарамсыздығы) туралы мынадай қорытындылар шығара алады:

денсаулық жай-күйі бойынша шектеу дәрежесі көрсетіле отырып, саптық қызметке жарамды;

денсаулық жай-күйі бойынша мерзімді әскери қызметке шақыруды кейін қалдыруды қажет етеді;

бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында саптық емес қызметке жарамды;

әскери есептен шығарыла отырып әскери қызметке жарамсыз.

33. Әскерге шақырылу жасындағы жастар медициналық куәландырудан өткеннен кейін медициналық қызметкерлердің жұмысына басшылық жасайтын дәрігер, медициналық комиссияның төрағасы дәрігер-мамандармен әскерге шақырылу жасындағы жастардың есепке алу картасына енгізілген барлық жазбалардың дұрыстығын тексереді. Ол шақыру комиссиясының төрағасына әрбір әскерге шақырылу жасындағы жастар бойынша оның денсаулық жай-күйі, әскери қызметке жарамдылығы және сол немесе Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің өзге де түрі мен әскер тектеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына қабылдау мүмкіндіктері туралы баяндайды. Науқасы бар адамдар бойынша - оларды науқасы бойынша шақыруын кейінге қалдыру немесе қосымша тексеруге (емдеуге) жіберу қажеттігі туралы баяндайды.

34. Әскерге шақырылу жасындағы жастарды медициналық куәландыру қорытындыларына және оларды зерделеу деректеріне сәйкес аудандық (қалалық) шақыру комиссиялары мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

әскерге шақырылу жасындағы жастың саптық қызметке жарамдылығы және оны Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тиісті түрі немесе әскерлер тегіне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына қажетті әскери мамандығы бойынша жөнелте отырып мерзімді әскери қызметке шақыру туралы;

негізділігін көрсете отырып, әскерге шақырылу жасындағы жасты мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру туралы;

әскерге шақырылу жасындағы жастың бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыздығы, соғыс уақытында саптан тыс қызметке жарамдылығы және әскери міндеттілердің әскери есебіне алынуы туралы;

әскерге шақырылу жасындағы жасты әскери есептен шығара отырып жарамсыз деп тану туралы;

шақырылуы кейінге қалдырылған әскерге шақырылу жасындағы жастарды 27 жасқа толуына байланысты әскери міндеттілердің есебіне алу туралы;

шақыру комиссиясы әскерге шақырылу жасындағы жастың денсаулық жай-күйін анықтай алмаса оны қосымша тексеруге жіберу туралы.

35. Аудандық (қалалық) шақыру комиссиясы азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тиісті түрлері мен тектеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына тағайындау туралы шешім қабылдау кезінде олардың өндірістік біліктілігі мен мамандығы, денсаулық жай-күйі ескеріледі, осыған байланысты әдетте:

зымыран, авиация, броньды танк техникасын және радиотехникалық аппаратура шығаруға байланысты ұйымдарда жұмыс істейтін әскерге шақырылу жасындағы жастар тиісті әскер түрлері мен тектерін жасақтауға жіберіледі;

режимді және арнайы бөлімдерді жасақтау үшін көрсетілген командаға алдын ала іріктелген әскерге шақырылу жасындағы жастар жіберіледі;

әуе-десант әскерлерін жасақтау үшін әскерге шақырылу жасындағы жастарды бірінші кезекте парашютші спортшылар қатарынан іріктеу жүзеге асырылады. Әскерге шақырылу жасындағы жастардың ортадан кем емес білімі, дене бітімінің жетілуі жақсы (бойы 170 см-ден кем емес) болуы тиіс;

жоғары білімі бар әскерге шақырылу жасындағы жастар оқу бөлімдеріне олардың біліміне және әскери дайындық бейініне ұқсас мамандықтар бойынша жіберіледі;

математика, физика және инженерлік-экономикалық факультеттерін бітірген әскерге шақырылу жасындағы жастар радиотехникалық, зениттік-зымыран бөлімдеріне, Қарулы Күштердің барлық түрлерінің байланыс бөлімдеріне жіберіледі;

ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру факультеттерін бітірген әскерге шақырылу жасындағы жастар - танк, авиация, зениттік-зымыран бөлімдеріне және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің азаматтық қорғаныс бөлімдеріне жіберіледі;

сәулет, көркем сурет және кинотехникалық факультеттерін бітірген әскерге шақырылу жасындағы жастар инженерлік-саперлік бөлімдеріне жіберіледі;

медицина және фармацевтика факультеттерін бітірген әскерге шақырылу жасындағы жастар Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына, тиісінше медицина және фармацевтика қызметтеріне жіберіледі.

егіз ағайындылар, егер олар мерзімді әскери қызметке бір мезгілде және бір шақыру комиссиясымен шақырылса және білімі мен арнайы дайындығы, денсаулық жай-күйі мен дене бітімінің дамуы бойынша және басқа да деректері жөнінен бірдей болса, бірге бір әскери бөлімде қызмет ету үшін жіберілуге тиіс;

ауырлығы орташа, ауыр және аса ауыр қылмыстар жасаған үшін өтелген және алынып тасталған соттылығы бар, сондай-ақ екі және одан көп соттылығы бар әскерге шақырылу жасындағы жастар әскери құрылыс жасақтарын (бөлімдерін) жасақтауға жіберіледі.

36. Мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру азаматтарға Заңның 15-бабына сәйкес беріледі:
отбасы жағдайы бойынша;
оқуын жалғастыру үшін;
денсаулық жай-күйі бойынша;
басқа да себептер бойынша.

37. Мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру аудандық (қалалық ) шақыру комиссиясының шешімімен беріледі.

38. Отбасы жағдайы бойынша мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру азаматтарға олардың отбасы жағдайын тексерудің негізінде Заңға сәйкес беріледі және осы мәселені алғашқы қараған кезде бір рет қабылданады.

Тексеруді жергілікті атқарушы органның, білім беру ұйымдары мен өзге де ұйымдардың, аудандық (қалалық) әскери комиссариатының өкілдерінен құралған комиссиялар жүргізеді. Тексеру қорытындылары бойынша көрсетілген комиссия әскерге шақырылу жасындағы жастың отбасы жағдайын тексеру актісін (5-қосымша) жасайды. Акт әскерге шақырылу жасындағы жасқа мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруды беру кезінде бір рет жасалады.

39. Отбасы жағдайы бойынша шақыруды кейінге қалдыру құқығын жоғалтқан адамдар мерзімді әскери қызметке жалпы негіздерде шақырылады.

40. Азаматтарға білім алуын жалғастыру үшін шақыруды кейінге қалдыру туралы шешім заңға сәйкес беріледі және ол білім беру ұйымдарында әскерге шақырылу жасындағы жасқа берілетін анықтаманың (6-қосымша) негізінде әскерге шақырылу жасындағы жас аудандық шақыру комиссиясынан бастапқы өту кезінде бір рет қабылданады.

Кейіннен білімін жалғастыру үшін шақырылуы кейінге қалдырылған адамдар жыл сайын 1 қазанға дейін аудандық (қалалық) әскери комиссариаттарға олардың тиісті білім беру ұйымдарында оқуларын жалғастырып жүргенін растайтын анықтамаларды өзі ұсынады. Көрсетілген анықтамалар әскерге шақырылу жасындағы жастың жеке ісіне тігіледі.

Білімін жалғастыру үшін шақыруды кейінге қалдыруды ресімдеу әскерге шақырылу жасындағы жастарды аудандық (қалалық) шақыру комиссиясына шақырумен, олар медициналық куәландырудан өтпестен жүргізіледі. Осы әскерге шақырылу жасындағы жастардың денсаулық жай-күйі туралы деректер, олардың шақыру учаскелеріне тіркелуі кезінде медициналық куәландырудың қорытындылары негізінде аудандық (қалалық) шақыру комиссияларының хаттамалар кітабына енгізіледі (7-қосымша).

41. Заңға сәйкес денсаулық жай-күйі бойынша мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру медициналық куәландыру кезінде әскери қызметке уақытша жарамсыз деп танылған азаматтарға бір жыл мерзімге дейін беріледі.

42. Басқа да себептер бойынша мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру азаматтарға Заңға сәйкес беріледі. Бұл ретте осы Ереженің 19-тармағында аталған шақырылушы азаматтардың қажетті санынан асқан жағдайда оларға басқа да себептермен аудандық (қалалық) шақыру комиссиялары ресімдейтін мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру беріледі.

43. Отбасы жағдайлары бойынша, білімін жалғастыру үшін, денсаулық жай-күйі және басқа да себептер бойынша шақыруды кейінге қалдыруды беру туралы аудандық (қалалық) шақыру комиссияларының шешімі аудандық ( қалалық) шақыру комиссияларының хаттамалар кітабына және қандай мерзімге дейін кейінге қалдырылғанын, сондай-ақ оны беру үшін негіздемесі көрсетіле отырып, әскерге шақырылу жасындағы жастардың есепке алу карталарына жазылады.

44. Шақыруды кейінге қалдыруға құқығы бар әскерге шақырылу жасындағы жастар олардың қалауы бойынша мерзімді әскери қызметке шақырылуы мүмкін. Бұл үшін олар өз еркімен бас тарту туралы жеке жазған және нотариалдық расталған және ата-аналары, олардың келіскендігі туралы басқа да мүдделі адамдардың нотариалдық расталған өтінішін береді.

45. Мерзімді әскери қызметке шақырудан босату Заңның 16-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

46. Аудандық (қалалық) шақыру комиссияларымен бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз деп танылған және осыған байланысты олар 27 жасқа толғанға дейін әскери міндеттілер есебіне алынған адамдар әр 3 жыл сайын міндетті медициналық қайта куәландыруға жатады.

Медициналық қайта куәландыру кезінде бейбіт уақытта әскери қызметке жарамды деп танылған адамдар әскерге шақырылу жасындағы жастардың есебіне қайта қоюға жатады және мерзімді әскери қызметке жалпы негіздерде шақырылады. Көрсетілген адамдар есептік-алфавиттік кітапқа дәрігерлік комиссия хаттамасының нөмірі мен күніне, олардың мерзімді әскери қызметке жарамдылығы туралы және әскерге шақырылу жасындағы жастардың есебіне қайта қою туралы шығарылған шешімге сілтеме жасала отырып қайтадан жазылады.

47. Шақыру комиссиясының төрағасы аудандық (қалалық) шақыру комиссиясының жұмысын, оның мүшелерінің толық құрамында отырыс өткізуді қамтамасыз етеді және азаматтарды шақыруды кейінге қалдыруды бере отырып мерзімді әскери қызметке шақырумен немесе мерзімді әскери қызметке шақырудан босатумен байланысты құжаттардың уақтылы және дұрыс ресімделуі үшін тұрақты бақылауды қамтамасыз етеді.

48. Шақырудан өткен адамдардың құжаттарын ресімдеу аудандық (қалалық) шақыру комиссиясының шешіміне сәйкес мынадай талаптарды басшылыққа ала

отырып жүргізіледі:

әскери қызметшінің есептік-қызметтік карточкасында денсаулық жай-күйі бойынша әскери қызметке жарамдылығы туралы аудандық (қалалық) шақыру комиссиясының шешімі, оның Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қай түрі мен әскер тектеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына тағайындалғаны жазылады;

отбасы жағдайы бойынша, білімін жалғастыру үшін, денсаулық жай-күйі бойынша және басқа да себептер бойынша мерзімді әскери қызметке шақырылуы кейінге қалдыруды алған адамдар шақыру учаскесіне тіркелгені туралы куәліктеріндегі "Шақыру комиссиясынан өту нәтижелері" деген бөлімде елтаңбалы сүргілі мөрмен бекітілетін тиісті жазба жазылады;

бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында саптан тыс қызметке жарамды деп танылған, сондай-ақ әскери есептен шығарылуымен әскери қызметке жарамсыз деп танылған адамдарға шақыру комиссиясының хаттамалар кітабынан үзінділер толтырылады. Үзіндінің негізінде запас бойынша есепке алу әскери құжаттары ресімделеді. Есепке алу әскери құжаттар ресімделгеннен кейін үш данада тізім жасалады және әскерге шақырылу жасындағы жастардың есепке алу карталарымен оларға әскери билеттер жазып беретін облыстық әскери комиссариаттардың есепке алу бөліміне ұсынылады. Әскерге шақырылу жасындағы жастардың есепке алу картасында әскери билеттің сериясы, нөмірі мен күні белгі қойыла отырып жазылған үзінді әскери билеттермен тізімнің екінші данасы аудандық (қалалық) әскери комиссариатқа қайтарылады.

49. Мерзімді әскери қызметке шақырылған азаматтар, олардың ата-аналары және өзге де мүдделі адамдар аудандық (қалалық) шақыру комиссиясы шығарған шешіммен келіспеген жағдайда белгіленген тәртіппен шағымдануға құқылы.

50. Аудандық (қалалық) шақыру комиссиясының шешіміне сәйкес мерзімді әскери қызметке шақырылған азаматтар облыстық жинау пунктіне ұйымдасқан түрде келеді. Оларды жеткізу үшін аудандық (қалалық) әскери комиссариат қызметкерлерінің ішінен ертіп жүрушілер тағайындалады. Ертіп жүрушілерге атаулы тізімнің үш данасы (8-қосымша) және жапсырылған түрде жеке істер, есепке алу-қызметтік карточкалар, амбулаторлық науқастың медициналық картасына жасөспірімге арналған қосымша парақтар беріледі.

Атаулы тізімнің N 1 және 2-даналары облыстық жинау пунктінің бастығына беріледі, ал облыстық жинау пунктінің бастығы команданы қабылдап алғандығына қол қойған N 3 данасы команданы ертіп жүрушімен бірге аудандық (қалалық) әскери комиссариатқа қайтарылады.

Атаулы тізімнің N 2 данасы команда облыстық жинау пунктінен жөнелтілген күні аудандық (қалалық) әскери комиссариатқа қайтарылады. Онда жөнелтілетін

азаматтардың әр қайсысы аты-жөнінің тұсына: қашан (күні, айы мен жылы) және қандай әскери командамен жөнелтілгені немесе аудандық (қалалық) әскери комиссариатқа қандай себеппен қайтарылғаны туралы белгі қойылады. Тізімнің осы данасына облыстық жинау пунктінің бастығы қол қояды және сүргілі елтаңбалы мөрмен куәландырылады.

Облыстық жинау пунктінен алынған атаулы тізімнің N 2 данасы аудандық ( қалалық) әскери комиссариатта кіріс журналы бойынша ескеріледі. Осы тізім негізінде есепке алу-алфавиттік кітаптың тиісті бағанында әскерге жөнелтілген әскерге шақырылу жасындағы жастардың әрқайсысының аты-жөнінің тұсына: "200_ жылы __ мамырда N әскери командамен жөнелтілді" деген белгі қойылады, одан кейін осы тізім аудандық (қалалық) әскери комиссариаттағы істерге тігіліп, 3 данада 5 жыл бойы сақталады.

Атаулы тізімнің N 1 данасы тізімге енгізілген адамдардың қашан және қандай әскери командамен жөнелтілгені немесе аудандық (қалалық) әскери комиссариатқа қандай себептер бойынша қайтарылғаны туралы белгілерімен облыстық әскери комиссариаттың ісіне тігіледі және 5 жыл бойы сақталады.

51. Заңға сәйкес аудандық (қалалық) шақыру комиссияларының қызметіне басшылық жасау және бақылау үшін облыстарда және Астана мен Алматы қалаларында тиісті облыстық (Астана, Алматы қалаларында - қалалық) шақыру комиссиялары құрылады.

52. Облыстық (қалалық) шақыру комиссиялары Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына жөнелту алдында тікелей облыстық жинау пунктінде аудандық (қалалық) шақыру комиссиясымен мерзімді әскери қызметке шақырылған адамдарды медициналық бақылау тексеруден өткізеді.

53. Облыстық жинау пунктіндегі медициналық бақылау тексеруі нәтижесінде әскери қызметке кедергі келтіретін ауруы анықталған әскерге шақырылу жасындағы жастар шақырылған жері бойынша аудандық (қалалық) әскери комиссариатқа жіберіледі.

Облыстық жинау пунктінен аудандық әскери комиссариаттарға қайтарылған әскерге шақырылу жасындағы жастар облыстық шақыру пунктінен қайтарылған әскерге шақырылу жасындағы жастардың есеп кітабына (9-қосымша) енгізіледі.

Қайтарылатын әскерге шақырылу жасындағы жастардың әрқайсысына қатысты шақыру комиссиясының төрағасы аудандық әскери комиссардың атына әскерге шақырылушыны кейін қайтару себебі көрсетіліп қызметтік хат (10-қосымша) жіберіледі. Бұл қызметтік хат әскерге шақырылу жасындағы жастың жеке ісіне тігіледі.

Аудандық әскери комиссарлар облыстық жинау пунктінен қайтарылған барлық адамдарды облыстық жинау пунктінен алынған жаңа деректерді ескере

отырып, мерзімді әскери қызметке шақыру мәселесін шешу үшін шақыру комиссиясына қайта шақырады.

54. Аудандық (қалалық) шақыру комиссиясы дұрыс тағайындамаған, іріктеу талаптарына сай келмейтін әскерге шақырылу жасындағы жастар облыстық ( қалалық) шақыру комиссияларының шешімімен Қарулы Күштердің өзге де түрлері мен әскер тектеріне, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына тағайындалады.

Облыстық жинау пунктіндегі дәрігерлердің жұмысы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа әскерлері мен әскери құралымдары үшін жаңа буынды медициналық тексерудің соңғы кезеңі болып табылады. Медициналық тексеру кезінде денсаулық жай-күйі бойынша әскери қызметке жарамсыз азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды болдырмау үшін аудандық (қалалық) шақыру комиссияларының болуы мүмкін қателері анықталады.

55. Аудандық (қалалық) шақыру комиссиясымен денсаулық жай-күйі бойынша әскери қызметке жарамсыз деп танылған әскерге шақырылу жасындағы жастарды запасқа ресімдеу тек облыстық (қалалық) шақыру комиссиясымен бақылау медициналық куәландыру өткізілгеннен кейін ғана жүргізіледі. Бақылау медициналық куәландыру нәтижелері әскерге шақырылу жасындағы жастың есепке алу картасына енгізіледі, оған облыстық (қалалық) шақыру комиссиясының төрағасы қол қояды және облыстық әскери комиссардың елтаңбалы мөрімен расталады.

56. Облыстық (қалалық) шақыру комиссиясына сонымен қатар әскерге шақырылушы азаматтардың, олардың ата-аналары мен өзге де мүдделі адамдардың шақыру мәселелері бойынша шағымдарын қарау жүктеледі.

Аудандық (қалалық) шақыру комиссиясының шешіміне әскерге шақырылу жасындағы жастың және басқа да адамдардың шағымдары бұл шешімнің орындалуын тоқтатпайды.

57. Аудандық (қалалық) шақыру комиссияларының жұмысы және азаматтарды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына жөнелту аяқталғаннан кейін облыстық (қалалық) шақыру комиссиялары мыналарға міндетті:

аудандық (қалалық) шақыру комиссиялары төрағаларының: шілдеде - көктемгі шақырудың қорытындылары бойынша, қаңтарда - күзгі және толықтай жылдық шақырулардың қорытындылары бойынша олардың атқарған жұмыстары туралы егжей-тегжейлі есебін тыңдау;

аудандық (қалалық) шақыру комиссияларының әскерге шақырылу жасындағы жастарды мерзімді әскери қызметке шақырудан босату туралы және 27 жасқа толған адамдарды запасқа шығару туралы шешімдерінің дұрыстығын

тексеру;

бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында саптық емес қызметке жарамды және әскери есептен шығара отырып әскери қызметке жарамсыз деп танылған, сондай-ақ денсаулық жай-күйі бойынша шақырылуы кейінге қалдырылған әскерге шақырылу жасындағы жастарды бақылау медициналық куәландыруды жүргізу;

азаматтарды Заңда көзделген мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдырудың дұрыстығын ішінара тексеруді жүргізу. Аудандық (қалалық) шақыру комиссиялары қабылдаған шешімдерді тексеру нәтижелері облыстық (қалалық) шақыру комиссиясы хаттамалар кітабына енгізіледі (11-қосымша).

58. Облыстық жинау пунктінің жұмысы. Әскери комиссариаттар Заңға сәйкес жабдықталған жинау пункттерімен мынадай мақсатта қамтамасыз етіледі:

жаңа буынмен командалар құру;

командаларды әскерлерден жаңа буынды қабылдап алу және ілесіп жүру үшін келген өкілдерге беру;

осы буынды қажетті мүлікпен және тағайындалған жерге дейінгі жолға қажетті тамақпен қамтамасыз ету;

командаларды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлері мен әскери құралымдарына ұйымдасқан түрде жөнелту;

Облыстық жинау пункттерінде шақырылғандардың ішінен жекелеген адамдар науқастану немесе басқа да себептермен кейінге қалдырылған жағдайда командаларды толықтыру үшін қажеттілігіне қарай пайдаланылатын әскери командамен жөнелтілетіндердің санынан 1 пайызға дейінгі санда әскерге шақырылу жасындағы жастар резервінің болуына рұқсат етіледі. Облыстық жинау пункттерінде резервте тұрған әскерге шақырылу жасындағы жастарды 2, 3 күннен артық ұстауға жол берілмейді.

59. Облыстық жинау пунктінде:

аудандық (қалалық) әскери комиссариаттардан келетін жеке құрамды орналастыру үшін үй-жай;

жеке құрамды санитарлық тазартуға арналған (монша, душ) үй-жайлар;

әскерге шақырылушы азаматтар арасында олар жинау пунктінде болған кезде тәрбие жұмысын жүргізуге арналған үй-жайлар;

әрбір дәрігер-маманға бір бөлме есебінен медициналық тексеруге арналған бөлме;

флюорография қондырғысы үшін үй-жай (орын);

әскери командаларды жасақтау бөлімшесіне арналған үй-жай;

жаңа буынды әскери бөлімдерге қабылдау және ілесіп жүру үшін әскерлерден келген жеке құрамды орналастыруға арналған үй-жай;

тамақтандыру пункті, буфет;

дезинфекциялық камералары бар санитарлық өткізуші, екі инфекция изоляторы, санитарлық тораптар;

жеке құрамды сапқа тұрғызу және онымен саптық және спорттық жаттығуларды өткізуге арналған орын болуы тиіс.

Бұдан басқа, жинау пунктінде жинау пунктінің қолбасшылығын, кезекші қызметті және әскери тәртіпті сақтау үшін тағайындалатын басқа да адамдарды орналастыруға арналған орындар қарастырылуы тиіс.

60. Облыстық әскери комиссарлар мен әскери комиссарлардың тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі орынбасарлары облыстық жинау пункттерінде әзірленген жоспарларға сәйкес жаңа буын арасында қажетті тәрбие-құқықтық жұмысты ұйымдастырады, олардың шығарып салуға келген ата-аналарымен түсіндіру жұмысын жүргізеді, сондай-ақ әскери командалардың жеке құрамын жергілікті атқарушы органдардың, қоғамдық ұйымдардың өкілдері мен әскерге шақырылу жасындағы жастар ата-аналарының қатысуымен салтанатты шығарып салуды ұйымдастырады.

Облыстық жинау пункттерінде, сондай-ақ жүру жолында жаңа буынмен тәрбие-құқықтық жұмысты жүргізу кезінде, жоғары ұйымшылдық пен тәртіпті қамтамасыз етуге, жергілікті тұрғындарға қатысты бұзақылық және басқа да адамгершілікке жат қылықтар жасауға жол бермеуге назар аударылады. Жүру жолында және тоқтаған жерлерде мінез-құлық ережелері мен қауіпсіздік шаралары, жеке құрамның әскери тәртіпті, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қатаң сақтау қажеттігі түсіндіріледі.

61. Жаңа буынды қабылдауға және ілесіп жүруге тағайындалған жеке құрам облыстық жинау пункттеріне әскери командалардың жөнелтілуіне дейін 2 тәулік бұрын келуге тиіс.

